

Тінтуір Razer

Тінтуір - курсормен басқаруға және компьютерге әртүрлі командалар беруге арналған құрылғы.

Сақтық шаралары

1. Құрылғының құрылымына ешқандай өзгерістер енгізбеңіз.
2. Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғының кез келген сұйықтықпен жанасуын болдырмаңыз, оның жанына сұйықтық құйылған ашық ыдыстарды қоймаңыз.
3. Құрылғыны электрмагниттік сәулелену әсеріне ұшыратпаңыз.

Техникалық сипаттамалар

Тінтуір Razer	Naga Pro	DeathAdder V2 Pro
Үлгісі	RZ01-0342	RZ01-0335
Артикул	RZ01-03420100-R3G1	RZ01-03350100-R3G1
Сенсор типі	оптикалық Razer Focus+	
Сенсордың минималды ажыратылымдылығы	20000 dpi	
Қосу түрі	кәбіл USB / сымсыз USB-адаптер	
ОЖ үйлесімділігі	Windows / macOS	
Кәбіл ұзындығы	1,8 м	

Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және жою ережелері мен шарттары


- Шарттар қандай да бір құрастыру немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы ауа температурасы 5 °C-дан 40 °C-ға дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын өндірушінің және тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғына тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы

лар, ылғал, от және т.б. әсеріне ұшыратпаңыз.


- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімді жою қалдықтарды бақылаусыз тастау нәтижесінде қоршаған ортаға әлеуетті зиянды келтіруді болдырмау үшін жоюдың алдын алу үшін қалдықтарды қайта өңдеудің жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

ЖИЫНТЫҚТАМА ҚҰРАМЫ

- Gaming Mouse (Model: RZ01-0342)



- A. Тінтуірдің сол жақ батырмасы
- B. Тінтуірдің оң жақ батырмасы
- C. Айналдыру дөңгелігі
- D. Айналдыру дөңгелігін солға еңкейту және шерту - төмен айналдыруды қайталау
- E. Айналдыру дөңгелігін оңға еңкейту және шерту - жоғары айналдыруды қайталау
- F. DPI ұлғайту
- G. DPI кішірейту
- H. Тінтуірге арналған Ultraslick аса тегіс аяқтары
- I. Razer™ Focus+ 20K DPI оптикалық сенсоры
- J. Профиль индикаторы
 - Razer™ Speedflex зарядтауға арналған кәбіл
- K. Профиль батырмасы
- L. Ауыстырып-қосқыш
 - Razer™ HyperSpeed Wireless режимі (2,4 ГГц)
 - Қорек беруді өшіру режимі
 - Bluetooth режимі
- M. 12-батырмалы бүйірлік панель (MMO үшін ұсынылады)
- N. 7-батырмалы бүйірлік панель (MOBA үшін ұсынылады)
- O. 6-батырмалы бүйірлік панель (патшалық шайқастар үшін ұсынылады)
- P. 2-батырмалы бүйірлік панель (жалпы пайдалану үшін ұсынылады)
 - USB-донглдың жалғастырғыш тетігі



- Өнім туралы маңызды ақпарат



- i** Оптикалық ажыратымдылық мәндері (DPI): 400, 800, 1600 (әдепкі бойынша), 3200 және 6400. DPI мәндерін баптауды Razer Synapse көмегімен жүзеге асыруға болады.

НЕ ҚАЖЕТ

ӨНІМ ТАЛАПТАРЫ


- Еркін USB-порты немесе Bluetooth 5.0 қолдауы бар ДК

RAZER SYNAPSE ТАЛАПТАРЫ

- 64-разрядты Windows® 7 (немесе аса жаңа нұсқасы)
- БҚ орнату үшін Интернетке қосылу

КЕПІЛДІК ТУРАЛЫ ОЙЛАЙТЫН УАҚЫТ КЕЛДІ


Сіздің қолыңызда 2 жылға шектеулі кепілдікпен толықтырылған керемет құрылғы бар. razerid.razer.com мекенжайы бойынша тіркеле отырып, сіз өзіңіздің құрылғыңыздың функционалдығын барынша кеңейте аласыз және Razer ерекше артықшылықтарын ала аласыз.



Сұрақтарыңыз туындады ма? support.razer.com мекенжайы бойынша Razer қолдау қызметіне хабарласыңыз.

БҮЙІРЛІК ПАНЕЛЬДІ АУЫСТЫРУ


Бүйірлік панельді астыңғы жағынан тартып алыңыз, содан кейін оны басқа қажетті бүйірлік панельмен ауыстырыңыз. Бүйірлік панельді ауыстырмас бұрын, тінтуірді ажырату ұсынылады.



i Бүйірлік панель батырмаларын жеке баптау үшін Razer Synapse қосымшасын орнатыңыз.

ТІНТҮІРДІ ЗАРЯДТАУ


Зарядтауға арналған кәбілмен компьютердің USB-порты мен Razer Naga Pro тінтуірді жалғаңыз. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін тінтуірді бірінші рет қолданар алдында оны толығымен зарядтаңыз. Толық заряды таусылған батареяны зарядтау шамамен 4 сағатқа созылады. Қосылудың бұл әдісі сонымен қатар Razer құрылғыны сымды пайдалану режимі ретінде де қызмет етеді.



- i** Razer Naga Pro зарядтау үшін құрылғыны зарядтау үшін жеткілікті қуаты бар USB-қосылымы талап етіледі. Көптеген пернетақталар мен перифериялық құрылғылар жабдықталатын қуаты аз USB-концентраторына немесе қуаты аз USB-портына қосылу зарядтау барысына теріс әсер етуі мүмкін. Razer Naga Pro тікелей компьютердің USB-портына қосу ұсынылады.

ЗАРЯДТЫҢ ТӨМЕН ДЕҢГЕЙІНІҢ ИНДИКАТОРЫ


Айналдыру дөңгелегінің қызыл түспен екі рет жыпылықтауы аккумулятор зарядының 5%-дан төмен деңгейін көрсетеді. Бұл мерзімді жыпылықтау аккумулятор заряды біткенше немесе тінтуір ДК-ға зарядтауға арналған кәбіл арқылы қосылғанша үздіксіз қайталанады.




ТІНТУІРДІ ҚОСУ

RAZER™ HYPERSPEED WIRELESS РЕЖИМІНДЕ (2,4 ГГц)


1. Орнатылған тінтуірдің бүйірлік панелін алып тастаңыз және сымсыз USB-донглды шығарыңыз.



2. Бүйірлік панельді орнатыңыз және сымсыз USB-доғлды компьютер USB-портына салыңыз.




3. Ауыстырып-қосқышты Razer™ Hyperspeed Wireless (2,4 ГГц) режимі күйіне орнатыңыз.



Осыдан кейін Razer Naga Pro тінтуірі сымсыз режимде жұмыс істеуге дайын болады.

BLUETOOTH РЕЖИМІНДЕ

1. Ауыстырып-қосқышты Bluetooth (📶) күйіне орнатыңыз.



2. Жұптасу режимін қосу үшін профиль батырмасын, DPI деңгейін төмендету батырмасын және көтеру батырмасын бір уақытта үш секунд бойы басып тұрыңыз. Razer логотиптің қайталанатын екі жыпылықтауы құрылғының жұптасу режимінде екенін көрсетеді.



3. Құрылғыда Bluetooth қосыңыз, Bluetooth жаңа құрылғыларды іздеуді орындаңыз және табылған құрылғылар тізімінен Razer Naga Pro таңдаңыз.



Аксессуарыларды іздеу...
Bluetooth құрылғылармен жұптасу алдында олардың жұптасу режимінде екеніне көз жеткізіңіз.

4. Тінтуірдің құрылғымен жұптасқанын күтіңіз. Жұптасқаннан кейін Razer логотипі ағымдағы жарықтандыру әсері іске қосылмас бұрын қысқа уақыт ішінде көк түспен жарқырайды.




i Жұптасқаннан кейін Razer Naga Pro тінтуірі егер құрылғы оның әрекет ету аймағында болатын болса, әр Bluetooth режимі қосылған сайын құрылғыға автоматты түрде қосылатын болады. Жұптасуды жылдамдату және қосылу тұрақтылығын арттыру үшін жұптасатын құрылғыларды бір-біріне жақын орналастырыңыз.

Құттықтаймыз! Razer Naga Pro тінтуірі Bluetooth режимінде жұмыс істеуге дайын.

СЫМСЫЗ USB-ДОНГЛДЫҢ ЖАЛҒАСТЫРҒЫШ ТЕТІГІН ПАЙДАЛАНУ


USB-донглдың жалғастырғыш тетігі сымсыз USB-донглға қол жеткізуді жеңілдету және оның ауқымын кеңейту үшін қолданылады.



ТИНТУІРДІ ЖЕКЕ БАПТАУ

Razer Synapse қосымшасы тінтуірдің жарықтандырғышын, батырмалар функцияларын баптауға және тіпті әртүрлі ойын стильдері үшін әртүрлі профильдер жасауға мүмкіндік береді. Razer Synapse қосымшасы арқылы берілген қосымша орнатылмаған компьютерлерде де оларды пайдалану үшін 5 профильге дейін сақтай алады. Профиль батырмасын басу профильдерді циклді түрде ауыстырып қосуға мүмкіндік береді; таңдалған профильді профиль индикаторының түсімен анықтауға болады.

Профиль	Тиісті түс
Белсенді профиль	Ақ
1 профиль	Қызыл
2 профиль	Жасыл
3 профиль	Көк
4 профиль	Көгілдір



i Сұрау пайда болғаннан кейін Razer Synapse қосымшасын орнатыңыз немесе орнатушы-бағдарламаны [razer.com/synapse](https://www.razer.com/synapse) мекенжайы бойынша жүктеңіз.

Өзіңіздің көп функционалдысымсыз ойын тінтуіріңіз туралы қосымша ақпаратты support.razer.com мекенжайы бойынша табуға болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Рэйзэр (Ёроп) ГМБХ.

Эссенер Боген 23, 22419, Гамбург қ., Германия.

Өндірістің/жасаушы-зауыттың филиалы:

Рэйзэр Тэкнолоджи энд Дивелопмент (Шэньчжэнь) Ко., Лтд.

Шығыс қанат, 3-қабат, 2-ғимарат, Вижэн Шэньчжэнь Бизнес Парк оңтүстік тас жолы Кэцзи 1-қанат, Жоғары технологиялардың өнер-кәсіптік паркі, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Өнім Еуразиялық экономикалық одақтың «Электртехникалық және радиоэлектронды өнімдерде қауіпті заттарды пайдалануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауардың шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

The logo of the Eurasian Conformity Assessment (EAC) system, consisting of the letters 'EAC' in a bold, stylized, blocky font.

V.1